ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ЖУРНАЛ

ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІ

1925 жылдан шыға бастады.
№ 9-10.
1999 ж.

Редакция алқасының төрағасы
Фариза ОҢҒАРСЫНОВА
Бас редактор
Мағира ҚОЖАХМЕТОВА
Жауапты хатшы
Болат ҮСЕНБАЕВ
Бас суретші
Гүлжан АХМЕТЖАНҚЫЗЫ

Редакцияның мекен-жайы:
480044, Алматы қаласы,
Жібек жолы 50, 3-қабат
«Ақ желкен» журналы.

Телефондар:
Бас редактор — 33-45-57
Бөлімдер — 33-94-58

Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы № 361 куәлігі берілген.

Теруге 20.09.1999 ж. жіберілді.
Басуға 30.09.1999 ж. рұқсат етілді.
Көлемі 84x108 1\16
Офсетті басылым
Кітап, журн. қағаз.
Шартты баспа табағы 3,36
Есептік баспа табағы 4,12
Тиражы 2500
Тапсырыс 3101

Бағасы келісім бойынша
Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды.
Жарық көрген авторлар пікіріне редакция жауап бермейді.

«Ақ желкен» материалдарын көшіріп басу үшін журналдың келісімі керек.

АҚҚҰМНАН АҚҚАН АҚ БҰЛАҚ...

Ғылым әлемінде «академик» деген аруақты сөз. Осынау асқар атақты қай заманда, қай кезде де кім болса сол маңдайына баса бермеген. Ал, «академик» ұғымы қалың көпшіліктің санасында телегей білім мен тұңғиық парасаттың, кемел ақыл мен кең мәдениеттің, кеніштi зиял мен кемеңгер тектіліктің қорытпа құймасындай болып көрінеді. Қазақ топырағында академиялық ұлағатты жол, академик болудың үлгісі, академиктің әлемдік деңгейіндегі озық эталондары бар деп батыл айтуға болады. Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан. Осы арыстардан кейінгі буын академиктердің ішінде ұлттық зиялдың бетке ұстарлары қатарында Кенжеғали Әбенұлы Сағадиевтің орны бөлек.

Қазақстанның ғылымы мен жоғарғы білімінің ірі ұйымдастырушысы, бүкіл ғалам таныған көрнекті экономист, ғалым, академик Сағадиевтің кең құлашты реформаторлығы мен жаңашылдығы қайран қалдырады. Бір ғажабы, осынау реформаторлық пен жаңашылдық дербес Қазақстан мемлекетінің қоғамдық һәм экономикалық тұрғыдағы дамуын көрегендік болжаумен, елдік мүддені қорғаумен астасып жатады. Кезінде республика басшылығына ұлттық валютаға көшу, ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету, Қазақстанда экономикалық реформаны жүргізудің жолдары жөнінде хат жазып, құнды ұсыныстар енгізуі осының бірер ғана айғағы.

Өзі өмірінің жиырма жылын арнаған, бастауында тұрған Қазақ мемлекеттік экономикалық университеті Кенжеғали Әбенұлының ректорлығы тұсында мүлде жаңа сапалық өзгерістерге ұшырады, жаңа мәртебеге ие болды. Оның бастамасы мен ұсынысы бойынша осы оқу ордасы ел Президентінің жарлығымен Қазақ мемлекеттік басқару академиясы болып қайта құрылып, замана рухына сай жаңа тұрпатқа көшті. Экономика мен бизнестің, қаржыгерлік пен менеджменттің жаңа мамандықтары игеріліп, оқу орыны уақыттың үрдісі мен талабының үдесінен көріне білді. Көрер көзге басқару академиясының беделі мен абыройы күрт өсті. Өмір қажеттілігін қапысыз ұғынғандықтан ол өмірге, қоғамға, Қазақстан қауымының өркениетке талпынған жас ұрпағына аса қажетті білім ордасына айналды.

Осы тарих араға аз жылдар салып өте әдемі түрде, жақсы мағынасында Қазақ ауылшаруашылығы институтында тағы қайталанды. Ауылға қызмет ететін байырғы қарашаңырақ институт тағы да игілік жолындағы ізденімпаз Кенжеғали Әбенұлының ұшқыр ойы, ұтымды ұсынысына орай бұл жолы Премьер-Министрдің қаулысымен Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті болып қайта құрылды, оның құрамына Алматы мал дәрігерлік институты, Алматы су шаруашылығы колледжі, Талғар ауыл шаруашылық колледжі кіргізілді, сөйтіп оқу ордасының өрісі кеңейтілді, ауқымы ұлғайтылды, бітім-болмысы түгелдей өзгертілді, мәртебесі жаңа сатыға көтерілді. Жұртшылық алдындағы беделі түсіңкіреп, жұпыны тартып бара жатқан оқу орындары көрер көзге құлпыра түлеп сала берді. Жастардың осында оқуға деген ынта-ықыласы күшейді. Аз ғана уақыттың ішінде бұрынғы құрылым сапалық-мазмұндық тұрғыда түрлендіріліп, әдеттегі факультеттердің орынына мамандардың дайындығын анағұрлым күшейте алатын ірі оқу-ғылыми өндірістік кешендері ұйымдастырылды. Мұнымен де шектелмей, олардың әлемдік ғылыми кеңістікке шығуы мақсатында республикада тұңғыш рет компьютер және тіл дайындығы орталықтары құрылды, гуманитарлық қайта сараптау барысында сүзгіден өткізе сұрыпталып, жаңадан биотехнология, агроэкология, халықаралық, аграрлық-экономикалық қатынас, аграрлық құқық, кедендік іс және тағы басқа осылар сияқты сұранысы мол зәру бағыттағы мамандар даярлауға мүмкіндік туғызылды. Сөйтіп жаңа тұрпатты аграрлық университеттің академик Сағадиевтің бай ой-қиялының жемісі сияқты, уақыт үрдісімен үндескен де үйлескен толымды тұлғасы сомдала мүсінделді. Осылайша, ректордың өз сөзімен айтқанда, «Қазақстан қоғамын модернизациялау барысына белсене қатысатын, өз халқының тарихы мен мәдениетінен нәр алған, оның рухани тамырымен сабақтас, жалпы адамзат игілігіне айналған мол қазыналарды игерген отаншыл азаматтарды» тәрбиелеп даярлайтын білім ордалары өмірге қайта туып, қайта келгендей болды.

Шын мәнісінде «сиқырлы таяқша» қолында тұрғандай, Сағадиев қолға алған іс өркендеп, көпшіліктің игілігіне айналады. Сағадиев келген жерге құт орнап, баянды тірлік басталады. Ол ғылымның экономика саласын сонау балғын шағында қалап алып зерттегелі солай болып келеді. Ана бір кезде он жылдай Целиноград ауыл шаруашылығы институтын басқарғанында да солай болып, қадамына гүл бітіп еді, институт республикадағы ең озық та өнегелі білім-ғылым ордаларының қатарына қосылып еді.

Кенжеғали Сағадиевтің қайраткерлік биік өресі, ерекше табиғи дарыны республика Ғылым академиясының президенті болған жылдарда жаңа бір серпіліс, жаңа бір қайрат-жігермен, кең тыныспен, кемелдікпен көрініп еді. Академиялық іргелі ғылымдарды алға бастыруда, оны өмірмен, өндіріспен, елдің экономикасымен және мәдениетімен байланыстыра өрбітуде, нарықтың күрделі де қиын кезеңінде ғалымдар қауымының жұмысын ұйымдастыруда әркез «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстайтын» Сағадиев сарабдалдығы бедерге түсті, безбенді басты.

Иә, қазіргі Қазақстан қоғамында, еліміздің өркениетке қарай ілгері даму жолында академик Кенжеғали Сағадиев әлемдік әріптестерімен терезесі тең, даусыз ірі тұлға. Ғалымдығы жөнінде де.

Қайраткерлік тұлғасынан да. Шынайы академик Ұлттық зиялымыздың алтын қорындағы азамат. Әрине, осы азғантай ғана алтын қордағы академик ағамыздың ілкідегі бастау-бұлағын, бұлтарыс-бұралаңы көп қиындар арқылы ілгеріге ұмтылған сүрлеу-соқпағын көз алдынан елестетіп өту әсіресе қазіргі жас қауым үшін ғибратсыз да болмас еді.

Болашақ академик қасиетті Торғай топырағында, Аққұм өңірінде, Аққөл ауылында дүниеге келеді. Кәдімгі академиктердің академигі арыс Ахаң — Ахмет Байтұрсынов «Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты» деп әнге қосатын Аққұм. Сол жердің жігіт-желеңі «Жылқым жатыр Аққөлдің шаңдағында» деп ән салатын Аққөл. Осы Аққөлдің жағасындағы ауыл ресми қағаздарда № 1 ауыл деп те аталатын.

Әке-шеше қарапайым колхозшылар еді. Бұл атырапта бұрын батыр да болған, бағлан да болған. Бірақ қызыл сүргін 38-де туған Кенжеғалидың бес-алты жасында ес білгенде көргені — жұпыны тірлік пен кедейшілік, естігені — сұрапыл соғыс. Алдында малы бар, басында дәулеті бар адамдарды ертерек-те бықпырттай тиіп айдап әкеткен көрінеді.

Анасы Қаламқастың құлағы түрік, көкірегі ояу кісі болатын. Сол кісі осы елдің бұрынғы өткен игі жақсы-ларымен хабардар етіп, еміс-еміс Ахаңның 40 мысалын айтып отырады екен. Елден ерте кетті... Қуғынға ұшырады... деген сөздер де жас баланың құйма құлағына сол тұста шалынса керек.

Ал, айтылуы қажет бір әңгіме мы-нау. Шөп те шығатын жеріне шығады ғой. Сол халқымыздың ардағы, рухани көсемі болған Ахаңмен бүгінгі акаде-мик, Әбеннің Кенжеғалиы аталас туыс. Бесінші атадан қосылады. Бұлар — Әлімбетке жатады да, олар Үмбетейден тарайды.

Осы арада бір әңгіме ойға оралады. Кенжеғали 1960 жылы Қазақ уни-верситетін бітіріп, өзі сонда жұмысқа қалдырылып, үй алады. Сонда анасы Қаламқас: Ауылда замандастарым да азайды. Әрі, алла жазып, ол күнге құдай жеткерсе осы сүткенжем — Кенжеғалиымның қолында тұрамын деп өкеңе берген уәдем бар еді — деп Кенжеғалидың қолына келеді.

Қызметке кіріскен екінші жылы болса керек. Тұрмыс түзеліңкіреп, онша-мұнша қол да ұзарып қалған кез. Бірде анасы тағы айтады: «Қарағым, балам, мен бір өтініш айтсам, орындай-сың ба?.. Орындасаң осында Ахаңнан қалған бір ұрпақ, жұрағат болуға тиісті. Менің естуімше сол баланы сонау аласапыран тұсында нағашысы күпіге орап әкетіп Қостанайдың детдомына апарып тапсырған көрінеді. Тірі болса, сол бала осы Алматыда жүрген болуы керек. Соны іздеп тауып үйге алып келші» — дейді.

Ананың айтқаны заң. «Осы біледі-ау» деген әркімдермен сөйлесіп, сұрастырып іздеу салады. Күндердің бір күнінде әлгі іздеген кісінің есімі аталады. Ақыры, айтылған жобамен барып іздеп табады. Ахаңның інісінің баласы екен. Самұратов. Кәкім Самұратов. Сұм заманның сұмдығы бесіктегі баланы да шарпып, тағдыр желінің қақпақылына түсірген де жіберген, туыс-туғаннан көз жаздырып, ізінен адастырған... Кенжеғалидың алтын көкірек анасы сөйтіп асылдың сынығы, тұлпардың тұяғын алдыртып, қызыл күрең шайды тарта отырып көп шер тарқатысқан екен... Қазірде Ахмет Байтұрсыновтың қорын құрып қайрат-керлік еңбектер жасап жүрген ардақты азамат Кәкім Самұратовты көпшілік қауым бек жақсы біледі.

Жалпы, кие қонып, қасиет дарыған Торғай жерінде ескінің көздері көп болған, «алтын шыққан жерді белден қаз» деп іздеген адамға құйма көкі-ректер әлі де табылады. Сондай көріқұлақ, әңгімеге бай, тарихты шежірелеп айтатын шешендердің бірі, дейді Кенжеғали Әбенұлы, әкемнің інісі Мұрат ақсақал еді. Сол Мұрат шешеннің бір бейнесі мынадай:

Қарт Мұрат бүгіп алып бір тізесін,
Жүйелеп жосылтушы еді сөз жүйесін.
Бір тойда тамсандырып айтып өтті,
Баяғы Қарға ұрының әңгімесін.

Бұдан біршама бұрынырақ, сексеннен аса дүние салған Мұрат атасын Кенжеғали Әбенұлы өз қолынан қойып, басына там салып, белгі орнатып келген-ді.

«Тұлпарды құлынынан таны» дегендей, бала Кенжеғали сабаққа өте зерек болады. Шөптікөлде мектеп табалдырығын аттап, одан Торғайдағы Ыбырай-ата атындағы мектепте оқуын жалғап, Қостанайдың Семиозер ауданында онжылдықты күміс медальмен бітірген еді. Бұл —1955 жыл. Алғашқы ой-арманы, мақсаты тау-кен инженері болуға ынтықтырды. Бұл мақсат қайдан туындады?.. десек, Кенжеғали атақты жазушымыз Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романын оқыған, ондағы инженер Мейрамның бейнесі өрімтал жастың жүрегін толқытып, әсер еткен... Сол алабұртқан арман, аңсарлы тілектің ыстық күйімен албырт балаң жігіт құжаттарын Мәскеудің түсті металдар және алтын институтына жөнелтіп жібереді де, өзі Семиозердан оқуға аттанарда ақ баталарын алу үшін туып-өскен ата-жұртына, Аққөлдегі ағайын-туғанға келеді. Ғылымның да тар жол, тайғақ кешуі, бұралаң-бұлтарысы дәл осы арадан, туған жерден ұзап шықпай жатып-ақ басталған сияқты. Себебі, Торғаймен ортадағы жолда Қабырға өзені тасып кетеді, мұның хабары ауылдағы бұған кеш жетеді. Содан білім аңсаған құштар жас амалсыз бөгеледі. Ақыры ауылдан шығып, Қостанай арқылы сарыуайым шегіп өлдім-талдым дегенде Алматыға жеткенде емтихан басталуға бір-ақ күн қалған еді.

Енді Мәскеуге барудың еш қисыны жоқ. Себебі, емтиханнан кешікті. Алматыдағы оқу орындарының біріне барайын десе, қалтасында құжаты жоқ. Міне, Кенжеғалидың «қап түбінде жатпайтын алмас кездік», туа бітті табиғи талант иесі екендігі осы бір тығырық мезгілде жақсы көрінеді.



Ахмет Байтұрсынов «Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты» деп әнге қосатын Аққұм...

Осы күндерде салы суға кетіп ұнжырғасы түскен Кенжеғалиға Қазақстанның болашақ вице-президенті Ерік Асанбаев, тағы басқа ауылдас студент жігіттер кездесіп, ақыл қосады. Солардың сөзі жігерлендіріп, демеу болып, тәуекелге бел байлап, Қазақ университетінің сол кездегі ректоры Асқар Закариннің қабылдауына кіреді, көзі қаршығаның көзіндей өткір жас бала жігіт үлкен ағаға тайсалмай тура қарап отырып, мұңайыңқырап жағда-йын айтады... Оқуға түскісі келеді. Бірақ қазір қолында құжаты жоқ. Мәскеуге жөнелтіп жіберген. Өзі кешікті. Қабырға өзені тасып кетіп... Ұшарға қанаты жоқ. Бойда бұла жігері қайнай-ды, бірақ күресерге дәрмен жоқ. Құжатының жоқтығы қиын болып тұр,

арман тұлпарының аяғын тұсап тұр... Ағалар сенер ме екен?.. Тым болмаса, бәйгеге түсіп барып оза алмасам, өз обалым өзіме, өкінбес едім, арманда болмас едім...

Асқар аға, ардақты аға Закарин жымиды. «Қабырға өзені тасып кетті дейсің бе?» — деді. «Иә, Қабырға тасып кетті, Қабырға солай өзі», «Иә, Қабырға солай...» деп ректор шамалы ойланып отырды да, әлдекімге телефон соғып, қысқа-қысқа қайырып сөйлесті. Сосын Кенжеғалиға, Қазақстан ғылым академиясының болашақ президентіне, болашақ академикке қарап: «Мен қабылдау комиссиясына тапсырма бердім. Сіз ауызша сынақтан, собеседованиядан өтіңіз. Документің келсе, аламыз оқуға. Мәскеуге құжаттарынды сұратып қатынас қағазды өзіміз жібереміз» деді. Әрине, бұл ірі тұлғалар, азаматтың азаматы істейтін іс еді. Парасат заңына бағынудың, адамгершілік пен ізгілік жасаудың бір үлгісі осындай-ақ болар.

Мұндай жақсылық күтпеген Кенжеғалидың ішкі бақытында шек жоқ еді. Тебіреніп кеткендей болды. Әлі есінде, деканның орынбасары Михаил Васильевич Шилов, тағы да екі-үш адам бас құрап өткізген ауызша сынақтан ойдағыдай өтті. Өйткені он жылдық негізіндегі білімі тиянақты, жалпы ой өресі, ойлау көкжиегі мен қабілеті кең болатын. Ұзатпай Мәскеуден құжаттары да келіп қалды. Сонымен, Торғайдың Аққөлінен бастау алған бұлақ көзі ашылып, Кенжеғали университеттің философия-экономика факультетінің білдей бір студенті болып шыға келді. Сол екпінмен қанаттанып жарты жылдай оқып, бірінші сессияны түгелдей бес, өте жақсыға тапсырды.

Бірақ бүйірде бүлкілдеп баяғы Мейрам сияқты кен инженері боламын, Мәскеуден оқимын деген арманы қалып қойған болатын. Сол арман ауық-ауық әредікте бас көтерген сайын көңіл шіркін соған бұрылып, аңсары ауады да тұрады. Оның үстіне ауылдас досы Шайсұлтан Шаяхметов (болашақ білім министрі) те Мәскеуге кетіп көңілдің құбылысы мен қызығуын күшейтіп, ынтықтыра түседі. Осындай ойлар арбаған Кенжеғали толқып, «бұзылып», үздік студент сабаққа баруын да кілт тоқтатты. Екі ай шамасында темір жол бойында жүк түсіруші болып жан бақты. Вагон толы жүкті төрт бала жігіт төрт жағынан тұра қалып түсіреді. Күшке тиетін ауыр жұмыс. Бірақ жас қайрат шыдатсын ба? Шаршағандарын да сезбейді. Бес теңгеден алады. Тамағына толық жетіп тұрады.

Кенжеғали бұл тірлігін үй ішіне айтпады. Себебі, әкесі бұдан бес жыл бұрын қайтыс болған-ды. Онсыз да жарым көңіл анасының жүрегіне қаяу салып қайтеді. Содан болған жайды «Мына оқуымды менсінбеймін, менің қалауым бұл емес еді, алдағы жылы Мәскеуге өзімнің ұнатқан оқуыма бармақшымын» деп ағасына ақтарып салды. Ағасы КГБ-да қызмет істейтін, көзі ашық, оқыған, зерделі адам. Ол кісі отырып ренжіді. «Әкемізден алты ағайынды едік. Оқып адам болады деп үміт артқан көпейіміз сенсің. Оның үстіне біздің әулеттен жоғары оқу орнына барып түсіп отырған бірінші адам да сенсің. Мәскеу қайда, басқа қайда? Түсіп тұрған оқуды тастап, басыңа қонған өз бақытыңды өзің теуіп... Қысқасы, сенің бұл шешіміңді біз дұрыс демейміз, мақұлдамаймыз».

Исі қазақта өкенің ғана, шешенің ғана емес, ағаның сөзі де заң. Аға — алдағы асқар бел. Ағаның ақылы адастырмаса керек. Ағаның тілін алмаған болмайды, сыйластық жібі үзіледі. Сол жобаны бетке ұстаған Кенжеғали «жаздым, жаңылдым» деп Рембрандтың адасқан ұлындай болып, факультетке қайтып оралды. Ұстаздары ұрысты. Жиналысқа салды. Ол кездің тәртібі солай болатын. Ұрысса — ұрыссын, жиналысқа салса — салсын, «енесі тепкен құлынның еті ауырмайды». Дәл осылай болды да. Қате басқан өз ұланын Қазақ университеті қатарына қайтадан қабылдап алды.

Сол екі ортада бірінші курстың жазғы сессиясы да келіп қалған. Бұл сессияны да тағы кілең «беспен» өткерді. Бірте-бірте экономикаға деген ынтықтық пайда болды, жігер оянды. Студенттік ортаға тез кірігіп, университет белсенділерінің біріне айналды. Кілең үздік бағамен қылау шалдырмай келе жатқан Кенжеғали Сағадиевке үшінші курста Сталиндік стипендия тағайындалады. Сол кезде жай стипендия 220 сом болса, Сталиндік стипендия 780 сом. Мұныңыз ассисенттің айлық жалақысымен бірдей. Қалай болғанда да бұл несібе, бұйырған нәпақа әкесіз студент Кенжеғалиға теріс болған жоқ.

Ғылым. Болашақ ғалым Кенжеғали ғылымға студент кезінен-ақ бетті бұрды. Талантымен, дарынымен, тыңғылықты еңбегімен тағы жарып шықты, тағы да оза шапты. Ол тегінде қиналмай оқитын, қиналмай ізденетін, білім-ғылым асуларын жеңіл алатын. Бірақ, қай тақырыпқа да тыңғылықтап отыратын, ешқашан атүсті қарамайтын. Сол кезде бірге оқыған жолдастары да «Кенжекең сол студент шағында-ақ үлкен, ересек кісідей байыпты еді» деп жиі айтады. Осы байыптылық ғылыми ізденіс жұмыстарынан да көрініп, Самарқандта және басқа қалаларда өткен Бүкілодақтық студенттік ғылыми конференцияларда мерейі үстем болып отырды.

1960 жылы университетті үздік бітіргенде Кенжеғалидың алдында тағдырын таразыға салған тағы бір жолайырығы тұрды. Жолдаманы қайда алу керек, жұмысқа қайда бару керек деген мәселеде оның шешімі, көптен ойланып қорытқан ұйғарымы біреу-ақ болатын. Ауылға, үйге, анамның жанына барамын. Осы тұста дұрыс жол нұсқап, ағалық жанашырлық, тілектестік қамқорлық көрсеткен адам Төрбай Шәукенбаев еді. Ол кісінің мамандығы мұнайшы, өндіріс пен экономиканың майын ішкен аса білгір маман. Елуінші жылдарда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ауыр өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі болған, одан соң республиканың Жоспарлау комитетін басқарған, орынбасарлық қызметін де атқарған екен. Қазақстанда Пантелеймон Пономаренко басқарып, тың игерілген уақытта қазақтың басшы кадрларын жаппай босату науқаны өріс алып, 300-ге жуық азамат қызметтерінен қуылды. Сол «тазалауға» іліккен Шәукенбаев 1957 жылы университеттің философия-экономика факультетіне декан болып келеді. Кейін бұл кісі докторлығын қорғайды, профессор атағын алады, халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының меңгерушісі болады.

Міне, осы абзал аға Кенжеғалиға:

— Қарағым, сенің келешегің бар, ғылымға ынта, бейілің бар. Факультетте мұғалім боласың, осында қаласың, — деді.

— Аға, елге барамын деп ұйғарып едім...

Төраған осы сәтте қаталырақ кетті.

— Онда Барсакелмес деген аралға экономист болып барсаң бара ғой!

Қысқасы, осы өңгімеден кейін Кенжеғали қазақ университетінде мұғалім болып қалдырылды, ұстаздық пен ғылымның қия жолына түсті, арада жылдар өткенде қоғамның экономикалық дамуын зерттейтін үлкен ғалым болып шықты. Өз университетінде үш жыл мұғалім болғаннан кейін бұрынғы Мәскеуде оқысам деген арманы да орындалды. Онда Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтының аспирантурасында ықтиятты түрде оқудың сәті түседі. Экономика ғылымының тереңіне осы кезде деңдей бастайды, білімнің кәусәр тұнығынан мейірлене қанып ішкендей болады. Айта берсе, мұның өзі бір тарих. Ол тарих кейін айтылады.

Ал, әзірге Кенжеғали Әбенұлы Мәскеу аспирантурасынан кейін іле кандидаттық диссертациясын қорғайды. Материалдық-техникалық жабдықтау мен қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділігін ғылымдағы басты тақырыптары етіп алады. Отыз сегіз жасында ғылым докторы. Бір жылдан соң профессор. Одан соң ғылымдағы ең жоғары дәреже академик атағын алады. Осы кезге дейін бірнеше іргелі монография мен 140-тан астам ғылыми еңбек жариялайды. Қоғамдық және педагогикалық қызметі өз алдына бір бөлек.

Кенжеғали Әбенұлы араға уақыт салып үш бірдей жоғары оқу орнына ректор болды. Қазақстан ғалымдарының қасиетті ордасы — Ғылым академиясын басқарды. Бұл құрмет емес, еңбектің жемісі емес деп кім айтады. 1993 жылы Кембридж халықаралық биографиялық орталығы Кенжеғали Сағадиевке «Жыл адамы» атағын берсе, ол үшін бүкіл отандастарымыз сүйінеді. Бір кезде Аққөлден, Аққұмнан аққан бұлақтың дария болғаны, сондағы балдырған баланың дана болғаны осы емес пе.

Дәл қазіргі таңда академик Кенжеғали Сағадиев өзі құрған Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін басқарып отыр. Ғылым академиясы шығарған өмірбаяндық кітапшада «Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ұжымы өз ректорының басшылығымен ауыл шаруашылығы білімінің бүгінгі жағдайы мен келешегінің философиясына жауап бере алатын жаңа істерді жүзеге асыра береді деп толық сеніммен айтуға болады» деген екен. Өте дұрыс сенім. Біз де осы сенімге, академик Сағадиевке деген елдің сеніміне толық қосыламыз.

Қорғанбек АМАНЖОЛ.